



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӘОЖ 371.3:388.6

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Ибраева Анар Кусаиновна
Астана халықаралық университеті Педагогикалық колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы
Астана қаласы, Қазақстан
E-mail: anar_ibraeva_73@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін дамытудың жолдары қарастырылған. А.Байтұрсыновтың баланың дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыруға байланысты әдіс-тәсілдері, басқа да әдіскер-ғалымдардың тіл дамытуға қатысты пікірлері берілген. Оқушының сөйлеу тілін дамытудың түрлері мен әдістері: диалог арқылы тіл дамыту, сөздік жұмысы, дидактикалық ойын түрлері ұсынылған.

Түйінді сөздер: Тіл дамыту, диалог, монолог, сөйлеу мәдениеті.

Аннотация

В статье рассмотрены пути развития речи младших школьников. Даны подходы А.Байтұрсынова к формированию у ребенка навыков правильной речи, мнения других ученых-методистов относительно развития языка. Представлены виды и методы развития речи учащегося: развитие речи через диалог, словарная работа, дидактические игры.

Ключевые слова: развитие языка, диалог, монолог, культура речи.

Annotation

The article considers the ways of speech development of primary school children. A. Baitursynov's approaches to the formation of correct speech skills in a child, the opinions of other methodologists regarding the development of language are given. The types and methods of the student's speech development are presented: speech development through dialogue, vocabulary work, didactic games.

Key words: language development, dialogue, monologue, speech culture.

Заманауи білім беру жүйесінде оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, соның ішінде сөйлесім дағдыларын дамытуға ерекше көңіл аударылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдарының бірі – жеке адамды қалыптастыруға бағытталған рөлі және педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, олардың жеке шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасау қажеттігі қарастырылған. [1]. Осымен байланысты бүгінгі күні ұстаздарының алдында тұрған міндеттердің бірі – өз ойын анық та жүйелі айта алатын, шешен де көркем сөйлей білетін ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Оқушының ой-өрісінің, сана-сезімінің жан-жақты дамуы бастауыш сыныптан басталады. Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни, сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыруға, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне баулиды. Тілі жақсы дамыған бала өз ойын дәл, шебер жеткізе алады, оқу материалдарын ойдағыдай меңгереді, табиғат пен қоғамдағы күрделі байла-ныстарды дұрыс тану мүмкіндігі артады. Алайда, әлі күнге дейін бала тілін дамытудың теориялық және тәжірибелік тұрғыда шешімін таппаған мәселелері көп.

Бала тілін дамытуға қатысты мәселе сөз болғанда қазақ балаларының ана тілінде сауат ашып, тұңғыш «Әліппе», «Ана тілі» оқулықтарын жазған ғалым А.Байтұрсыновтың есімін еске алмау мүмкін емес. А.Байтұрсынов сөз өнерін жоғары бағалап, сөйлеу мәдениетіне ерекше мән берген. «Біздің заманымыз жазу заманы... Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша бір-бірімен қиындасып, жалғасатын жүйесін білуге керек», – деп жазған ғалым сөз кәдірін, оның қасиетін тануды меңзейді. [4, б. 10]

А.Байтұрсынов баланың дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыруда олардың мәнін түсініп барып, жұмсауға үйрету керек деген принципті қолдайды. Оның «Баяншы», «Тіл жұмсар» атты әдістемелік еңбектері мен «Қай әдіс жақсы?», «Жалқылауды жалпылау әдісі» т.б. мақалаларында осы туралы айтылады. Мысалы, «Тіл жұмсар» атты еңбегінде оқушының тілін дамытуда оның дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыруда мынадай жаттығуларды ұсынады. [3, б. 36]

а) Төмендегі екі сөздің арасында берілген бір төл сөзді қайсысына теліп айтуға болады. Шылғау піскен Боз тас Ат қалың Байтал деп Сұр Үрді Ет ит Бөрі ақ Ақ Үн Аш естілді Бұл мысалдан қисынды сөз тауып, сөйлей білуге үйретуде сөйлеу жүйесіне назар аударту, ойды білдіруде реттілікті, тиянақтылықты сақтауға дағдыландыру мақсаты байқалады. Көрнекті әдіскер ғалымдар Сейіл Жиенбаев, Өзімхан Сәдуақасов, Ғали Бегалиев, Шамғали Сарыбаевтардың қазақ тілінің грамматикасын, орфографиясын оқытумен бірге, тіл дамытуға арналған еңбектері де жарық көрді. Мысалы, Сейіл Жиенбаев тіл дамыту жұмысын бірнеше түрге жіктей отырып, оның ішінде оқушыға жаңа сөздің мәнін түсіндіретін сөздік жұмысын ерекше атайды.

«Тіл дамыту» ұғымының мәні неде, тілді қалай дамытуға болады деген сұрақтарға қазіргі кезде психологтар, әдіскер ғалымдар, ұстаздар тарапынан түрліше сипаттама беріліп келеді. [2, б. 32]

Бір топ ғалымдар бала тілі ой-өрісінің, түсінігі мен өмір тәжірибесі негізінде өзгеріске түсіп, дамып қалыптасады деген көзқараста. Бала тілін дамыту үшін арнайы оқытуды ұйымдастырудың қажеті жоқ. Тек ауызша және жазбаша сөйлеуге тақырып ұсынып, баладан соны баяндау талап етілсе болғаны дейді. Екінші бір тобы тіл дамытуды баланың өз ой-пікірін ауызша және жазбаша формада жүйелі байланыстырып беруге дағдыландыру деп біледі. Сондықтан тіл дамытуда жазбаша жұмыс түрлерін көптеп жаздыруды ұсынады. Енді бір ғалымдар тобы ана тілі сабақтарында игерілген білімді пайдалана отырып, соның негізінде бала тілін дамытуды ұсынады. Ол үшін игерген пән материалдары, атап айтқанда, сөз, сөз тіркесі, сөз таптары, сөйлем, орфография, орфоэпия және пунктуациядан, т.б. білімдерін іс жүзінде пайдалануға мүмкіншілік тудыратын арнаулы грамматикалық жаттығулар, жазбаша жұмыстарды жүргізу қажеттігін айтады.

Оқу сабақтарында баланың сөздік қоры мен сөздік құрамы кеңейіп, байи түссе, грамматикалық тапсырмаларды орындау барысында бала тілі жүйеге келтіріліп, кемшіліктер мен қателіктер түзетіледі. Тіл шеберлігі артып, дұрыс сөйлеу дағдысы орнығады. Бала тіліндегі пассив сөздер активтендіріліп, грамматикадан алған білімдерін іс жүзінде кең түрде пайдалануға мүмкіндік туады.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту үшін жүргізілетін жұмыстарды іріктеудің өзіндік талаптары бар.

– Біріншіден, тіл сабақтарын оқытудың дидактикалық материалдары ана тілінің әдеби үлгілерінен алынуы тиіс.

– Екіншіден, бала тілін дамытуға ұсынылатын тақырыптар мазмұны шағын әрі игеруге жеңіл, тәрбиелік мәні терең болуы шарт.

– Үшіншіден, әрбір мысал, үзінді әңгіме, өлең, мәтіндер әдеби тіл өлшемдерін ұстануы тиіс. Сонда ғана әдеби тіл нормасын, ана тілінің қыр-сырын терең меңгеруге мүмкіндік береді. Бастауыш сынып кезеңі – баланың қалыптасатын кезеңі. Олай болса, тіл тазалығы мен ой дәлдігіне кіші жастан бастап дағдыландырылған жөн.

Тіл дамыту – қиын да, күрделі үдеріс.

Тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты – оқушының өз ойын ауызша және жазбаша грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс бере білуге үйрету.

Тіл дамыту жұмысы төрт бағытта жүргізіледі: әдеби сөйлей білудің нормаларына үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру. Екіншіден, лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы сөздік қорын байыту. Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету, сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту арқылы сөз бен сөздердің байланысын, сөйлем құрап үйрету, сөйлемнің құрылысын білдіру арқылы синтаксистік лексикадан мәлімет беру. Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі. Міне, тілді дамыту жұмысының негізгі мазмұны осындай төрт мәселе айналасында қарастылырып, іске асырылады.

Әдіскер-ғалым Шәріп Әуелбаевтың айтуынша, «Сөйлеу, ең алдымен, сыртқы сөйлеу және ішкі сөйлеу болып екіге бөлінеді. Сыртқы сөйлеудің өзі ауызша және жазбаша сөйлеу болып жіктеледі.

Ал ауызша сөйлеудің өзі диалог және монолог болып екіге бөлінеді. Ал ішкі сөйлеу – ойша сөйлеу; сөйлеудің бұл түрі де тіл материалы арқылы іске асады, бірақ сырттай белгілері болмағандықтан ішкі сөйлеу деп аталады». Оқушы тілін дамыту екі бағытта жүргізіледі: ауызша және жазбаша. Оқушыны ауызша әдеби сөйлеу дағдыларына бейімдеу үшін орфоэпикалық ережелерге сай, фонетикалық заңдылықтарды аңғартатын, мәнерлеп оқуға арналған арнайы ұйымдастырылған жаттығу жұмыстарын жүргізу пайдалы. Мұндай жұмыс түрлері әр тақырыпты оқытуға байланысты тіл дамыту жұмыстары арқылы іске асуы тиіс. [5, б. 10]

Оқушыны ауызша әдеби сөйлеу дағдыларына үйретуде фонетика мен орфоэпияны дұрыс оқытудың орны ерекше, өйткені оқушы фонетика мен орфоэпияның заңдылықтарын дұрыс меңгеру арқылы әдеби тілдің нормасына жаттығады, сөздердегі дыбыстардың айтылуын, естілуін, жазылуын дұрыс айта білуге дағдыланады. Егер оқушы сөзді немесе дыбысты дұрыс айта алмаса, бір дыбыстың орнына екінші дыбысты ауыстырып айтатын болса, немесе жазса, онда ол әдеби тілдің сөйлеу дағдысын бұзып, ол сөзді қате айтумен бірге, дұрыс сауатты жаза алмайтын болады. Оқушыға мәнерлеп оқытудың, әдемі сөйлеудің үлгілерін мұғалім өзі көрсетіп отыруы қажет. Оқушының әдеби сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуға үйрету, дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыту, сөйлеу тіліне жаттықтыру, өлеңдер мен әндерді жаттату, мәтіндер мен диалогтарды тыңдату, сөз шеберлері, атақты сахна шеберлерінің орындауындағы поэтикалық шығармаларды тыңдату сияқты жұмыстар жүргізудің үлкен мәні бар.

Оқушының сөйлеу тілін дамыту үшін ең алдымен оның сөздік қорын байыту керек. Оқушының сөздік қорын үнемі байытып отыру – тіл дамытудағы негізгі мәселе. Осы мақсатқа жету үшін, төмендегі жұмыстар жасалу керек: 1) жаңа сөз мағынасын оқушыға анық түсіндіру; 2) жаңа сөздің оқушы есінде сақталуын қамтамасыз ету; 3) жаңа сөзді қолданыста меңгеру яғни жаңа сөзді қолдану дағдысын қалыптастыру; 4) жаңа сөздің айтылуы мен жазылуын меңгерту; 5) сөздікпен жұмысқа үйрету. Сөздік

жұмысы әр сабақ үстінде, жыл бойында, бүкіл оқу кезеңінде белгілі жоспармен, жүйемен жүргізілуі керек. Оқушыны жүйелі, көркем сөйлеуге үйретуде синоним сөздерді үйретудің, ал сөздік қорын байытуда мақал – мәтелдерді, шешендік сөздерді айтқызудың, жаттатудың мәні зор.

Ауызекі сөйлеу әдісінің бірі – диалог арқылы тіл дамыту. Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда диалогтың берері мол. Диалог – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Мұғалім сабаққа кіргеннен оқушылармен сөйлесуде болады. Оқушыларға белгілі бір тақырыпта тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету оқушыларды қызықтырады. Мәселен, оқушыларға диалог құру тапсырылған жағдайда олардың өз өміріне қатысты тақырыптарды («Менің мектебім», «Менің отбасым», «Кітапханада» т.б.) ұсынған жағдайда олардың қызығушылығын тудыруға болады. Диалог құру үшін белгілі бір тақырыпты оқуға байланысты оқушының сөздік қорын дамыту, жаңа сөздер үйретіп, мағынасын ұқтыра отырып, оларды жасайтын формаларды меңгертіп, сөйлем құрауға үйрету, сөз бен сөзді байланыстыруға, ауызша ойларын жүйелі айтуға, әңгімелеуге жаттықтыру керек. Сонда оқушы диалог құру кезінде сауатты сөйлеуге, диалогты дұрыс құруға тырысады. Ауызекі сөйлесу оқушының тілін дамытады. Тіл дамыту бір жақты құбылыс емес, сондықтан да баланың тілін логикалық ойлау арқылы, шығармашылық тапсырмалар арқылы да дамытуға болады. Сонымен қатар, қазақ тілі сабақтарында да арнайы жаттығулар жүйесімен баланың тілі мен ойын дамытуға болады.

Оқушының оқыған әңгіме, ертегіге байланысты төмендегідей жұмыс түрлерін жүргізуге болады:

- түсінгенін әңгімелеу;
- сұрақтарға жауап беру;
- кейбір үзінділерді жатқа айтқызу;
- оқыған шығармасы бойынша таныс емес сөздерді сөздік дәптерге жазып отыру;
- кейіпкерлер іс-әрекетіне баға беру;
- әңгімелердің ұқсастығын салыстыру;
- ең соңында сол шығармаға ұқсас әңгіме жаздыру.

Осымен бірге оқушының сөйлеу тілін дамытуға өлең, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді жаттау, әңгімені немесе ертегіні аяқтау, мәтіннің мазмұнын айту, өз ойынан өлең, ертегі, әңгіме құрастыру, өтірік өлең құрастыру, мәтін мазмұнына сай мақал-мәтелдер айту сияқты жұмыс түрлерін жатқызуға болады.

Баланы өз ойын анық айтып, дұрыс сөйлеуге үйрету мақсатымен сюжетті суреттер бойынша сұрақтар қойып, әңгімелеу, өз отбасы туралы әңгіме құрастыру, тақырып бойынша дайын мәтіндерді оқып беріп, суретін көрсету сияқты тапсырмаларды да беруге болады.

Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес әр түрлі дидактикалық ойындарды қолдану арқылы олардың сөйлеу тілін дамыта аламыз. Мысалы:

«Суретті жұмбақтар» ойыны

Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары тыңдап отырады. Мұғалім қораптан әр түрлі суреттерді бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады.

Бастаушы суретті алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алуы керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.

«Сөйлемді толықтыр» ойыны

Балаларға сөйлемді аяқтауды тапсырылады: «Балалар гүлзардағы гүлдерге су құйып жатыр, себебі...». «Ағаштарда бір жапырақ қалмады, өйткені...», «Аю қыста ұйықтайды, себебі...» және т.б.

Оқушының ауызша сөйлеу тілін дамытуды сыныптан тыс жұмыстар арқылы жалғастыруға болады. Сыныптан тыс оқуды белсенді ұйымдастырушы және оны басқарушы – мұғалім. Сондықтан мұғалім өз оқушыларының кітапқа деген ынтасын үнемі арттырумен бірге, олардың қандай кітап оқуға тиіс екендіктеріне де бағыт беріп отырады. Сыныптан тыс оқу жұмысын балалар мектепке келген кезде бастаған жөн. Оқушылардың ақыл-ойын, тілін дамыту жұмыстары сауат ашу кезеңінде балаларға түрлі түсті суретті кітапшаларды көрсету арқылы дауыстап, мәнерлеп оқи отырып жүргізіледі. Екінші сыныптан бастап мұғалім балаларға мектеп кітапханасынан алған кітаптарды бере бастайды. Оларға кітапты дұрыс ұстап, күте білудің ережелерін үйретеді. Сыныптан тыс оқу оқушылардың кітапты өздіктерінен оқи алу дағдыларын арттырумен бірге, «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы шығармалардың мазмұны мен көркемдік ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Балалар оқыған шығармаларындағы негізгі ойды аңғара білуге, сол оқиғаға өзінің қалай қарайтынын атып, кейіпкерлердің әрекетіне баға береді, сыныпта алған білімдері сыныптан тыс оқу кезінде нығая, жетіле түседі. [5, б. 36]

Ойшыл, ғалым Жүсіп Баласағұни: «Ойлауы мен сөйлеуі қоса жетілген адам ғана жан-жақты жетілген адам» – деген екен. Ендеше, баланың ойлауы мен сөйлеу тілін дамытуға ерекше көңіл бөліп,

тіл дамыту жұмыстарын тиімді жүргізген жағдайда оқушының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыра аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Абдуллина Г. «Интербелсенді оқыту таным белсенділігінің қазіргі бағыты». Ұлт тағылымы, 2000. 21 б.
4. Әшімханов Д. Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Алматы: Жалын, 2004. 125 б.
5. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы». Алматы: Ана тілі, 2015. 176 б.
6. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. Алматы: 2014. 360 б.

ӘОЖ 378 371. 3:54

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

Ибраева Гүлсара Турсуновна
E-mail: ibraeva_gulsara@mail.ru
Бүркімбаева Айзада Маратовна
E-mail: ibraeva_gulsara@mail.ru
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері
«Қостанай ауданы білім бөлімінің
Н.Наушабаев атындағы мектеп– гимназиясы» КММ
Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Қазақстан

Аннотация

Заман талабына сай қазіргі білім берудің негізгі мақсаты, білім алып, білік пен дағдыны, іскерлікке ақпаратты өзі іздеп таба білу, оны ұтымды пайдалану. Жаңа заман талабына сай мұғалімнің шеберлігін арттыруда білім мазмұнымен оқыту технологияларының рөлі ерекше. Оқыту технологияларын талдағанда, қазіргі өркениетті елдер тәжірибесінде жүзеге асырылып жатқан білім берудің жаңа моделіне—Нәтижеге бағдарланған білім моделіне – сәйкес келетін оқыту технологияларын іріктеуді қажет етеді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын мектеп практикасына белсенді түрде ендіру—қоғам талабы. Қазіргі инновациялық технологиялар педагогика ғылымымен практикасының жетістіктерін, дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені, әлеуметтік прогрестің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизациямен демократия жемісін жинақтаушы қызметін атқарады. Инновациялық процесті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі, жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу.

Түйінді сөздер: *мультимедиа, технология, педагогикалық, стратегия, эксперимент, талдау.*

Аннотация

Основной целью современного образования является приобретение знаний, умений и навыков, умение самостоятельно находить информацию, рационально ее использовать. Особую роль в повышении мастерства учителя в соответствии с требованиями нового времени играют технологии обучения и содержания образования. В нынешнее время необходим отбор технологий обучения, соответствующих новой модели образования—модели образования, ориентированной на результат – реализуемой в практике современных цивилизованных стран. Поэтому активное внедрение инновационных технологий обучения в школьную практику на современном этапе—веление времени. Современные инновационные технологии служат накопителем достижений педагогической науки и практики, достижений социального прогресса, плодов демократии с гуманизацией в обществе. В процессе изучения инновационного подхода происходит переход системы из одной ситуации в другую, организация нового содержания, внедрение новизны.

Ключевые слова: *мультимедиа, технология, педагогика, стратегия, эксперимент, анализ.*

Annotation

According to current requirements the main aim of a modern education is to get knowledge, experience, ability, finding out the necessary information and it's reasonable usage. According to modern requirements learning technologies play a special role in professional development of teachers in the content of education. When analyzing learning technologies, it is necessary to select learning technologies that correspond to the new model of Education implemented in the practice of modern civilized countries as the result-oriented model of Education. Therefore, a requirement of society at the present stage is the active development of innovative teaching technologies in school practice. Modern innovative technologies serve as an accumulator of the achievements of pedagogical science and practice, the value of traditional practice, the achievements of social progress, and the result of social humanization and democracy. In the course of studying the innovation process, is the transition of the system from one situation to another, the organization of new content and the introduction of innovations

Key words: *multimedia, technology, pedagogy, strategy, experiment, analysis.*

Қазақстан мектебінің алдына қойып отырған мақсаты – инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік–экономикалық жағдайын жақсарту